# "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының "Ақтау" мұнай айдау станциясында 2011 жылғы 11 қазанда болған топтық жазатайым оқиғасының себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы № 1175 Қаулысы

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Маңғыстау облысындағы «Ақтау» мұнай айдау станциясында 2011 жылғы 11 қазанда болған, адамдар қаза тапқан топтық жазатайым оқиғаны тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының «Ақтау» мұнай айдау станциясында 2011 жылғы 11 қазанда болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кірісіп, топтық жазатайым оқиғаның себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, зардап шеккендерге және қаза тапқан адамдардың отбасына бірінші кезекте көмек көрсету женінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы С.Ғ. Бисақаев топтық жазатайым оқиғаны тексеру нәтижелері және зардап шеккендерге және қаза тапқан адамдарды отбасына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы № 1175 қаулысына қосымша

## «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының «Ақтау» мұнай айдау станциясында болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

| | |
|---|---|
| Бисақаев Серікқали Ғұмарұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің |

төрағасы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы, төраға

| | |
|---|---|
| Паритов Бекет Зақарұлы | - Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары |
| Маханов Бақыт Әбділдаұлы | - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары |
| Архарова Жаңылсын Баянқызы | - Маңғыстау облысы прокурорының орынбасары |
| Олжабаев Сергей Денментұлы | - Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, төрағаның орынбасары |
| Әбілов Чапай | - Маңғыстау облысы жұмылдыру даярлығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы |
| Қоспаев Жәнібек Кимұлы | - Маңғыстау облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті директорының орынбасары - Бас мемлекеттік еңбек инспекторы |
| Есқұлов Алпамыс Қожабайұлы | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Сот медициналық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры |
| Қадырәлиев Жанатбек Қожахметұлы | - «Жайық Строй Люкс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша) |
| Жанғалиев Саламат Мерекеұлы | - «Құтқұрылысбастау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша) |
| Қоспанов Нұрғали | - «Құтқұрылысбастау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі еңбек ұжымының өкілі (келісім бойынша) |

| | |
|---|---|
| Мамонов Фердинат Әбдірахманұлы (келісім бойынша) | - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Батыс филиалының директоры |
| Меңдіғалиев Қуаныш Оңғарсынұлы (келісім бойынша) | - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Батыс филиалының Маңғыстау мұнайқұбыр басқармасының бастығы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК